

Өлеңді өнер деп бағалаған Абай – сол өлеңді кестелеп, қазаққа қызмет етті. Өлеңнің өнер екенін көрсетті. Қазақта да мынадай сөз өнерінің үлгілері болады деп өнер белгісін қалдырды. Абайды жазба әдебиеттің – сырлы әдебиеттің басы дейтіміздің бір жағы осында.

Ілияс Жансүгіров

Қадірлі ,бағасы алтын анам тілі,  
Сенімен бағаланған балаң түрі  
Төрт бөліп түн ұйқысын жұбатам деп,  
Сенімен әлдилеген анам мені



Ілияс Жансүгіров 130 жыл



Ұлытау облысы,  
Жаңаарқа ауданы,  
Ақтау ауылдық кітапханасы,  
тел: 87105953023

Қазақ  
ПОЭЗИЯСЫНЫҢ  
құлагері

Ақтау ауылы, 2024

# Ілияс Жансүгіров-қазақ әдебиетінің барлық жанрларында қалам тартып, елеулі туындылар берген әмбебеп дарын

Ілияс Жансүгіров Қапал уезі, Ақсу облысы 4-ші ауылда (қазіргі Алматыоблысы,Ақсу ауданында) өмірге келген. Ілияс анасынан ерте айрылып, әкесі Жансүгірдің үлгі өнегесін көп көрген. Ескіше хат таныған. Ақын-әңгіме, шежіре сырларын естіп өскен. Жетісудің бай табиғаты, ақындық,батырлық дәстүрлері Ілиястың өмірге, ізгілікке, сұлулыққа құштар болып өсуіне көп ықпал етті. Алматы Ташкент қалаларындағы ағарту ісіне қатысты курстарда оқыды. Фольклорлық экспедицияға шығып,баспасөзге араласты. «Сағанақ» атты алғашқы кітабы 1928 жылы жарық көрді. Ілиястың ақындығы «Тілші», «Кедей еркі», «Арман» «Әншіге», «Бұлбұлға» деген шағын өлеңдерінен басталып, «Дала», «Күй», «Күйші», «Құлагер» атты көлемді поэмаларымен жалғасын тапты.

Ақын «Дала» поэмасында(1930) Алтай мен Атырау ,Алатау мен Атырау ,Алатау мен Еділ, Сібір мен Самарқан, Шу мен Сыр секілді кең- байтақ өлкені мекен еткен қазақ халқының өмірі тұрмысын, дәстүр-өнегелерін шабытпен суреттей-ді. Ал «Күй»(1929) және «Күйші»(1934) поэмаларында өмір мен өнер тақырыбы,тарих пен тағдырға,қазақ халқының бастан кешкен оқиғалары тартымды жырланады. «Құлагер» поэмасы (1936) Арқа өңірін,әйгілі ақын Ақансері өмірі мен ас беру рәсімін бейнелейді.

Ілияс Жансүгіровтың Алатаудың ақ самалындай аңқып ескен ғажап поэмалары, Алатаудың ақ бұлағындай мөп-мөлдір өлеңдері әрбір оқушысының жан сырына,сырласына айналғанына не заман.Қаншама ана өз бөбегін ұлы ақынның бесік жырымен тербеп ұйықтатып, тербеп оятты десеңізші.

